

Шис пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасы

قصة نبي الله ﷺ عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى >



Islamhouse.com



Аса Мейірімді Рахымды Аллаһтың атымен

Шис пайғамбар

(оған Аллаһтың сәлемі болсын)

Адам дүние салар алдында пайғамбарлықты Шиске тапсырды. Шис Адам пайғамбардың ұлы, Аллаһ Тағала оны Абылдың өлімінен кейін берген еді. Өйткені, Адам ұлы Абыл өлтірілген кезде қатты қайғырған болатын. «Шис» сөзінің мағынасы – Аллаһтың сыйы, нығметі дегенді білдіреді.

Әбу Зәһр (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаһ жүз төрт жазба түсірді. Содан елу жазбаны Шиске түсірген», - деді»,** - деген (Ибн Хиббан).

Ол жазбалар адамзаттың өмірін ретке келтіретін қағидалар мен шариғи заңдарды қамтыды. Өйткені, адамзаттың бастапқы кезеңдегі өмірі реттеуді қажет етті.

Адам Шиске өз білімінің басым бөлігін үйретті. Бірақ, ол Адамның білімін толығымен игере алмады. Өйткені, Адам Аллаһ Тағала тарапынан тәлім алған еді. Шис (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Адамнан білім алған, көп нәрсе үйренген, ғұлама кісі еді. Ол адамдарға өркениет пен өнеркәсіпті, күн мен түнді өлшеуді үйретті. Ибн Исхақ: «Шис оларға күн мен түнді өлшеуді үйретті және сол уақыттарда қалай ғибадат жасауды көрсетті», - деген.

Сонымен Адам өмірден өткеннен кейін билік пен пайғамбарлықты оның ұлы Шис қолына алды. Ол жер бетінде әділ, ізгі үкім жүргізді. Алайда, далалық жерде Қабылдың қауымының арасында бұзақылық жайлаған еді. Қылмыстар артып, кісі өлтіру көбейді. Олар өздері жаққа аяқ басқан Адамның басқа ұлдарын өлтіре бастады. Ибн Аббас (екеуіне Аллаһ разы болсын) Аллаһ Тағаланың: **«Алғашқы надандық дәуіріндегідей сәнденбендер!»** (Ахзаб сүресі, 33 аят), - деген сөзіне түсініктеме бере отырып: «Адамның ұрпағынан болған екі топтың бірі (яғни, Қабылдың қауымы) далалық жерде тұрды. Ал қалған балалары тау етегін мекендеді. Таулы аймақта тұратындардың

еркектері көрікті, ал әйелдері көріксіз еді. Керісінше, дала тұрғындарының әйелдері көрікті, ал еркектері ұсқынсыздау болды. Сонда шайтан бір далалыққа қызметкер бала кейпінде келіп, оның қолында ақыға қызмет істеді. Сол бала (ібіліс) оларға күйлер мен әуендер үйрете бастады», - деп айтқан.

Ол сыбызғы сияқты үрлемелі бір аспап ойлап тауып, одан адамдар бұрын естімеген бір күй шығарды. Бұл әуен таудағы адамдардың құлағына жетіп, тыңдай бастады. Сондай-ақ, Қабылдың қауымы бәрі жиналып, әйелдері еркектері үшін сәнденетін бір мейрам ұйымдастырды. Таудағылар далалықтардың әйелдерінің әдемілігін көріп алданды. Сөйтіп, таудағы еркектердің кейбірі далаға жасырын бара бастады. Ал Адамның ұлы Шистің шарифатында Қабылдың ұл-қыздарымен қарым-қатынас жасауға тыйым салынған-ды. Алайда кейбіреулер азғыруға түсіп, бұл тыйымға бағынбады. Далалық әйелдердің әдемілігі нәпсілерін қоздырып, оларға ұрланып баратын болды. Басында олар жақындап келіп, алыстан көз тастайтын. Кейіннен тауда тұратындардың бірі мереке кезінде келіп, далалықтардың әйелдерінің әдемілігін көрді. Қайтып келіп жолдастарына хабар берді. Әйелдер де таулық еркектерді ұнатып қалды. Сөйтіп, тау еркектері дала әйелдерін төңіреккей бастады. Ақырында бұзықтық тарап, адамзат қоғамында зина бас көтерді. Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын): «Аллаһ Тағаланың: **«Алғашқы надандық дәуіріндегідей сәнденбедер!»** - деген сөзінің түсіндірмесі осы», - деген.

Алғашқы надандық осылай басталды. Бұзақылық үлкен қарқында тарады. Шис (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қалған ізгілікті сақтап қалуға тырысып, өз ізбасарларын олармен араласудан қайтаруға күш салды. Алайда шайтан азғырып, бұзақылық бұлардың арасында да тарады. Сол уақытта Қабылдың қауымы көбейіп, Шистің қауымы азая бастады. Жағдай Идрис келгенге дейін осылай жалғасты.

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия», «Әл-бидәя уә ән-ниһая».